

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 ж. 14 сәуір

№ 88

2022 - 2023 оқу жылын аяқтау
және орта білім беру ұйымдарында
білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін
бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрығына және Ақмола облысы білім басқармасының 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 172 бұйрығына сәйкес, сондай –ақ, меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарындағы оқу сабақтары 2023 жылғы 31 мамырда аяқталсын.

2. 9(10) сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы -2-13 маусым аралығында өткізілсін.

3) 11 (12) сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары - 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілсін.

4. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)- сынып оқушылары үшін:

1. қазақ/ орыс тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін жазбаша жұмыс (мақал,эссе,әңгіме) - 2023 жылғы 2 маусым;

2. математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - 2023 жылғы 6 маусым;

3. орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарды орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) - 2023 жылғы 9 маусым;

4.таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) - 2023 жылғы 13 маусым;

11 (12) сынып оқушылары үшін:

1. қазақ тілі/орыс тілі бойынша білім беретін мектептер/ сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан -2023 жылғы 5 маусым;
2. алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан - 2023 жылғы 8 маусым;
3. Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2023 жылғы 12 маусым;
4. Орыс тілінде оқытатын қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан -2023 жылғы 15 маусым;
5. Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/ неміс), информатика) - 2023 жылғы 19 маусым;
3. білім беру ұйымдарының директорлары осы бұйрықтың, сондай - ақ «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының талаптарына сәйкес оқу жылының аяқталуын қамтамасыз етсін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5191 болып тіркелген).
4. Аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі (А.Хапур) 2022-2023 оқу жылын аяқтауды ұйымдастыру және білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізуді қамтамасыз етсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің бас маманы А.Мажиноваға жүктелсін.

Басшы



Ш.Ахметова